Мерзімдік баспа басылымдарына жазылымды ресімдеу және жеткізу туралы
№16-19-05/289 Шарт

Үржар а.

«27» наурыз 2023 ж.

«Қазпочта» АҚ, бұдан әрі «Почта» деп аталатын, 2023 жылғы «05» қаңтарының № 16-01-03-14/28 сенімхат негізінде әрекет ететін Үржар аудандық почта байланыс торабының бастығының орынбасары **Кульштаева Торгын Жанагатовна** тұлғасында бір тараптан, және **«Абай облысы цифрландыру және архивтер басқармасының «Үржар Ауданының мемлекеттік архиві» КММ** бұдан әрі «Жазылушы» деп аталатын, Ереже негізінде әрекет ететін, **директоры Мырзабекова Кульгайча Кабденовна** тұлғасында, екінші тараптан ары қарай бірлесіп «Тараптар» деп аталып осы шартты жасасты:

1. ШАРТ МӘНІ

1.1. «Қазпочта» «Газеттер мен журналдар» каталогында бар басылымдар тізіміне сәйкес «Жазылушыға» 2023 жылға мерзімдік басылымдарға (бұдан ары - Өнім) жазылуды ресімдейді және алдағы уақытта «Жазылушының» тапсырыстары мен «Өнімдердің» баспадан шығу және «Қазпочтаға» түсу мөлшеріне қарай 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін жеткізіп беруді қамсыздандырады.

1.2. «Жазылушының» басылымды алу құқығы «Қазпочтамен» қабылданған тапсырысты орындауға берілген жазылым түбіртегімен расталады.

1.3. «Қазпочтамен» ресімделетін ПБ-7 формалы «Жазылушы» белгісі бар тапсырысты толтырғаннан кейін «Қазпочта» «Өнімге» жазылуды ресімдеу және алдағы уақытта жеткізіп беруге міндеттенеді.

2. ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ МЕН БАҒАСЫ

2.1. «Жазылушының» жазылымға тапсырыс берген тапсырысын оны «Қазпочта» тексеріп, төлем шотын ұсынғаннан кейін «Жазылушы» 2023 жылғы «29» наурызға дейін бекітілген тарифтерге сәйкес төлем жасайды. Жазылымның бағасы мен көлемі тапсырыс бойынша анықталады (№1 қосымша). Бір өнімнің (1 топтама) бағасы мен жазылым көлемі спецификаға сәйкес 40 айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

2.2. «Өнім» шығарушының қалауы бойынша «Өнімнің» бағасы өзгерген жағдайда «Қазпочта» осы Шарттың 2.3. тармағында көрсетілген сома шегінде жеткізіп береді.

2.3.Шарттың құны (ҚҚСесебімен): 35 934,00 (отыз бес мың тоғыз жүз отыз төрт теңге 00 тиын).
Шарттың құны (ҚҚСесебісіз): 4 050,00 (төрт мың елу теңге 00 тиын).
Шарттың барлық құны: 39 984,00 (отыз тоғыз мың тоғыз жүз сексен төрт теңге 00 тиын).
2.4.Бағдарлама

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. «Қазпочта» міндетті:

3.1.1. «Өнімді» толық көлемде жеткізуге, «Қазпочта» есеп берілген айдан кейінгі айдың 1-не дейін «Тапсырыс берушіге» нақты жеткізілген тауардың (МББ) есепшот-фактурасын және орындалған жұмыс актілерін ұсынады.

3.2. «Жазылушы» міндетті:

3.2.1. Осы шарттың 2.1. тармағына сәйкес, өнімге жазылу және оны жеткізу бойынша қызмет ақысын төлеуге;

3.2.2. Қабылдаған кезде «Өнімнің» сапасы мен санын тексеруге;

3.2.3. «Өнімнің» жетпейтіні немесе сәйкес келмеуі анықтаған жағдайда тез арада «Қазпочтаны» жазбаша түрде хабардар етуге.

3.3. «Қазпочта» құқылы:

3.3.1. «Жазылушы» тапсырыс ақысын төлемеген жағдайда «Өнімге» тапсырыс ресімдемеуге.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Біріктірілген нөмерлердің шығарылуына, «Өнімнің» уақтылы шығарылмауына, сапасыз шығарылуына, «Өнімнің» шыкпай қалуына немесе тоқтатылуына «Жазылушының» алдында «Өнім» иесі жауап береді.

4.2. «Жазылушы» шарт бойынша жазылым ақысын төлеуді кешіктірген жағдайда «Қазпочтаға» кешіктірілген әр күн осы шарттың 2.3. тармағында көрсетілген соманың 1 пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

4.3. Тараптардың біреуі осы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше немесе мүлдем орындамаса келесі Тарапқа тиісінше немесе мүлдем орындамау салдарынан келген нақты шығынның орнын толтыруға міндетті.

5. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

5.1. Шарттың міндеттерін орындау барысында әр Тараптарға құпия болып табылатын мағлұматтарды жарияламауға Тараптар міндеттенеді. Құпия мағлұмат ретінде көпшілікке жария етілмейтін, жария етілген жағдайда кез-келген Тарапқа шығын келтірмейтін немесе іскерлік беделіне залал келтірмейтін жағдайлар болып табылады.

5.2. Құпия мағлұматтар тек қана Қазақстан Республикасында әрекет ететін заңдар негізінде жария етіледі.

6. ФОРС-МАЖОР

6.1. Тараптар төтеп беру мүмкіндігі жоқ жағдайлар салдарынан, атап айтқанда: өрт, су тасқыны, табиғат апаттары, әскери жағдайлар, азаматтық тәртіпсіздік, тиым салу немесе мемлекеттік басқару органдарының шектеу сипатындағы шығарылған нормативті-құқықтық актілері және т.б. жағдай салдарынан осы шарт талаптарын толық немесе жартылай орындамаса жауапкершіліктен босатылады. Төтеп беру мүмкіндігі жоқ жағдайларға ұшыраған. Тарап келесі Тарапқа 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабар беруге міндетті. Тараптардың шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі төтеп беру мүмкіндігі жоқ жағдайлардың орын алу уақытына сәйкес ұзартылады.

7. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

7.1. Тараптар келесі тарапқа шартты бұзу мерзімімнен 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарлап осы шартты бұзуға құқылы, бұл жағдайда шартты бұзушы Тарап келесі Тарапқа осы шарт бойынша міндеттемелерді орындауға жұмсалған шығындардың орнын толтырады.

7.2. «Жазылушының» шарт бұзуға ниет білдіруне «Қазпочтаның» қатысы болмаған жағдайда «Өнімнің» жазылым ақысы «Жазылушыға» қайтарылмайды.

7.3. Жазылымды қабылдау тәртібі, қайтадан жіберу мен жою, «Өнімнің» жазылым және жеткізу құжаттамаларын өңдеу Тараптардың озара қарым-қатынасын реттейтін «Қазпочтаның» ішкі құжаттарымен анықталады.

7.4. Осы шарт бойынша даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар өзара келіссөздер жүргізу арқылы шешеді. Даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу нәтижесінде шешілмесе Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамалықтарында көрсетілген тәртіпті басшылыққа алады.

8. БАСҚА ДА ШАРТТАР

8.1. Осы шартқа енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделіп, Тараптардың қолы қойылуы тиіс. Осы шарттың барлық қосымшалары мен толықтырулары шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

8.2. Осы шарт бірдей заңдық күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 (екі) данадан жасалып, Тараптардың әркайсысына мемлекеттік және орыс тіліндегі бір данадан берілді.

8.3. Тараптардың заңды мекен-жайлары, жеткізіп беру орны мен банктік деректемелері өзгерген жағдайда келесі тарапқа 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабарлауға міндетті.

8.4. Осы шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болып саналады.

8.5. Осы шарт 2023 жылғы «31» желтоқсанға дейін әрекет етеді.

9. Тараптардың заңды мекен жайлары мен банктік деректемелері

«Қазпочта»

«Қазпочта» Акционерлік Қоғамының Шығыс Қазақстан облыстық филиалының Үржар аудандық пошта байланыс торабы
Үржар ауылы, Абылайхан көшесі, 139 үй
БСН 991141001886
СТН 181600081623
ЖСК KZ14563F351400000386
КБЕ 16
БСК KPSTKZKA
«Қазпочта» Акционерлік Қоғамы

Үржар АПБТ бастығының орынбасары

_____Кулынтаева Т.Ж.
«27» 03 2023 ж.

«Жазылушы»

«Абай облысы цифрландыру және архивтер басқармасының «Үржар Ауданының мемлекеттік архиві» КММ
6009704903аа Үржар ауылы, Сейфулин көшесі, 42 үй
БСН 980440002697
ЖСК KZ54070103KSN1826000
КБЕ 19
БСК KKMFKZ2A
ММ Үржар ауданының Қазнашылық басқармасы ШҚО ҚД
тел/факс8(72259)34373

_____ Мырзабекова К.К.
«27» 03 2023 ж.